

қадағалайтын әкімшінің кандидатурасын сот борышкерге қатысты сырттан қадағалау рәсімін енгізгендігі туралы ұйғарымын шығарғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетіне (бұдан әрі - Комитет) келісуге ұсынады және белгіленген нысан бойынша (1-қосымша) ақпарат бар құжаттарды ұсынады.

3. Келісуге ұсынылатын құжаттарға соттың борышкерге қатысты сырттан қадағалау рәсімін енгізгендігі туралы ұйғарымының көшірмесі міндетті түрде қоса беріледі.

4. Толық емес ақпаратты қамтитын, тиесілі түрде ресімделмеген құжаттар Комитеттің аумақтық органына қараусыз қайтарылады.

5. Комитет құжаттарды Комитеттің аумақтық органына қайтарған жағдайда бір жұмыс күні ішінде көрсетілген жетіспеушіліктерді жояды және құжаттарды келісуге қайта жолдайды немесе басқа кандидатураны ұсынады.

6. Сырттан қадағалайтын әкімшінің кандидатурасын келісудің оң нәтижелері кезінде Комитеттің аумақтық органы соттың борышкерге қатысты сырттан қадағалау рәсімін енгізгендігі туралы шешімі күшіне енген күннен бастап үш күннен кешіктірмей сырттан қадағалайтын әкімшіні тағайындайды.

7. Комитеттің аумақтық органы қажет болған кезде келісуге кемінде үш кандидатураны ұсынады. Ұсынылған кандидатуралардың қатарынан таңдауды Комитет өзінің құзыреті шегінде ұсынылған материалдардың және қолда бар дерекқордың негізінде жүзеге асырады.

8. Сырттан қадағалайтын әкімшіні тағайындау Комитеттің немесе Комитеттің аумақтық органының бұйрығы нысанында (2-қосымша) шығарылады, бірінші басшы немесе оны алмастыратын адам қол қояды, мөрмен расталады және есеп кітабында тіркеледі.

9. Комитеттің аумақтық органы кандидаттың борышкерге, оның құрылтайшысына, кредит берушілерге немесе дебиторларға аффилиирленгендігі фактілері болған кезде кандидатураны келісуге ұсынбайды.

10. Сырттан қадағалайтын әкімші тек бір ұйымға тағайындалады.

11. Сырттан қадағалайтын әкімші Заңның 41-1 бабының 3 тармағында көрсетілген жағдайларда, көрсетілген функцияларын жүзеге асыру үшін қандай тәртіппен тағайындалса солай, борышкердің істері мен мүлкін басқарудан босатылады.

Сырттан қадағалайтын
әкімшіні тағайындау

ережесіне 1-қосымша

Сырттан

қадағалайтын

әкімшіні

тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті төрағасының 2006 жылғы» _____ " _____
N _____ бұйрығына сәйкес оған қатысты _____ қаласы
(облысы) бойынша _____ сот сырттан қадағалайтын
рәсім енгізген борышкерге сырттан қадағалайтын әкімшінің
кандидатурасын қарау және келісу үшін жіберіп отырмыз.

№N	Сырттан қадағалайтын әкімшінің Т.А.Ә.	Борышкер ұйымның атауы	Ескертпе
1			
2			
3			

Қ о с ы м ш а :

1. Соттың сырттан қадағалау рәсімі енгізілгендігі туралы айқындамасының көшірмесі, _____ парақ;

2. Өзгелері.

Аумақтық органның бастығы _____
(қолы) (Т.А.Ә.) _____

орындаушы _____ тел. _____

Сырттан қадағалайтын
әкімшіні тағайындау

ережесіне 2-қосымша

Бұйрық

Сырттан қадағалайтын әкімшіні
тағайындау туралы

1.»"Банкроттық туралы"» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және _____
қаласы (облысы) бойынша _____
соттың 2006 жылғы» _____ » _____ N _____

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

борышкер ұйымға қатысты сырттан қадағалау рәсімін енгізу туралы
шешімінің негізінде _____ сырттан қадағалайтын әкімші болып
(Т . А . Ә . - т о л ы қ)

т а ғ а й ы н д а л с ы н .

2. _____ "Банкроттық туралы"»Қазақстан
(Т . А . Ә .)

Республикасының Заңының талаптарына сәйкес сырттан қадағалайтын
әкімшінің міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Сырттан қадағалайтын әкімші _____
(Т . А . Ә .)

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 41-4-бабының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитеттің басқарма бастығы _____ жүктелсін.

Аумақтық органның бастығы _____ (Т.А.Ә.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК